



• БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі

Қарағанды қаласында қазақ және ағылшын тілін тегін үйрететін орталық бар. Ашылғанына аз уақыт болған орталықта бір жыл ішінде 1000-нан аса адам тіл үйреніп шыққан. Маманы мықты мекемеден тіл үйренетіндер – түрлі сала иелері. Олардың арасында, әсіресе, мемлекеттік тілді меңгеруге ден қойғандар көп. Бұл орталық тіл үйренгісі келген шәкірттің шырағын жаққан «Шырақ» орталығы деп аталады.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шырақ» тілдерді оқыту орталығының ашылғанына көп бола қойған жоқ. 2022 жылдың шілде айында қала әкімдігінің қолдауымен Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі жанынан ашылған. ҚР «Тіл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында орталық өз қызметін бастады.

«Шырақ» тілдерді оқыту орталығында ересектерге мемлекеттік және ағылшын тілі тегін оқытылады. Орталық директоры Саят Тұяқбаевтың айтуынша, мемлекеттік және ағылшын тілдерін үйренуге қызығушылық жоғары әрі жыл сайын тіл меңгеруге ден қойғандар саны көбейіп келеді. Мәселен, бытыр жартыжылдықта ағылшын тілін – 97 адам, мемлекеттік тілді 420 адам оқыған. Быыл 2023 жылдың I, II тоқсаны бойынша мемлекеттік тілді – 367, ағылшын тілін 179 адам меңгерген. Бұл көрсеткіш жыл соңына дейін артатыны белгілі. III оқу тоқсанына жазылған тыңдаушыларға тіл оқыту курстары осы қыркүйек айында басталады.

– Қазіргі уақытта мемлекеттік тілді үйренуге деген қоғам қызығушылығы артып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде орталықтың курсқа шақырған жарнамасын көріп, көптеген адам тіл үйренуге келіп жатыр. «Тіл меңгеремін» деп келген тыңдаушылардың ынта-ықыласы жоғары. Әрбір қатысушы оқыту сабақтарын жіберіп алмауға тырысады. Негізгі тілді оқыту бес деңгей бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, орталықта тілді оқытудың қысқа мерзімді курстары да ұйымдастырылады. Әрине, шет тілін үйрену жастар үшін маңызды, дегенмен, өзге этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығы көңіл қуантады. Жалпы орталықтың оқу жоспары бойынша жыл соңына дейін мемлекеттік тілден – 550 адам, ағылшын тілінен 250 адам оқытып шығару жоспарланған, – деді орталық директоры Саят Тұяқбаев.

Тілді үйренгісі келген қоғамдағы ынталы топтың ыңғайына сай бытыр М.Әуезов атындағы кітапхана бөлімдерінен, Сұрыптау станциясындағы мәдениет сарайынан, Таир сауда үйінен оқыту кабинеттері ашылып, курстар ұйымдастырылған. Биыл да осындай жүйелі жұмыстар жасалады дейді орталық мамандары.

Орталықтан мемлекеттік тілді және ағылшын тілін оқыған тыңдаушылар мен тіл үйренуге енді келіп жатқан адамдардың жас ерекшеліктері әр түрлі. Мәселен, мұнда 18-дегі жастар да, орта жастағы адамдар да, тіпті, зейнеткерлер де бар екен. Олар өз калауымен тіл үйренуге ден қойған. Осыған дейін жекелеген адамдар, білім беру ұйымдары қызметкерлері, балабақша тәрбиешілері, зейнеткерлер, жеке кәсіпкерлер, жауапкершілігі шектеулі серіктестік және әскери бөлім қызметкерлері қызығушылық білдірген.

– Курстар арнайы әзірленген бағдарлама бойынша оқытылады. Ересектерге тілді үйрету оқытушылар үшін үнемі шығармашылық жұмысты талап етеді. Бізде жұмыс істейтін оқытушылар өз саласының мықты мамандары. 2022 жылдың тамыз айында облыстың орталық оқытушылары арасында өткен байқауда «Шырақ» тілдерді

оқыту орталығының оқытушысы Әсия Смыкова байқаудың бас жүлдесін иеленді. Биыл Әсия Даниярқызының «Сөздерді оңай жатта» сөздігі Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен «Тіл әлемі» сайты-

ның кітапханасына орналастырылды. Сонымен қатар, жыл барысында Ж.Жақанның, Л.Есенбаеваның, Ә.Смыкованың тілді оқыту шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, тәжірибе алмасу семинарлары өткізілді, – деді орталық директоры.

Орталықтың жас мамандарының ұйымдастыруымен мемлекеттік тілді «Үйде сөйле» жобасы қолға алынып, арнайы оқыту бағдарламасы жасалып, курс жұмыстарын аула клубтарында ұйымдастыру жаз айларында іске асқан. «Саябақтағы сабақ» жобасы жоспарланып, аптасына бір рет курс тыңдаушыларымен қаланың түрлі тарихи орындарында ашық сабақтар өткізіледі.

Жалпы деңгейлен оқыту бағдарламасының курсы аяқталған соң курс тыңдаушыларына орталық сертификаты беріледі.

Орталық өзінің негізгі қызметінен бөлек, қала бойынша тілге қатысты мәдени іс-шараларды ұйымдастырады. Сондай-ақ, қала көшелері мен сауда үйлеріндегі көрнекілік ақпараттар мен жарнамалардың мемлекеттік тілде сауатты жазылуына әдістемелік көмек көрсетеді. Бүгінде қала ішіне қатынасты қоғамдық көліктердің мониторынан тіл үйрету бейнероликтерін байқаған боларсыз. Бұл тілдерді оқыту орталығының «Қазақ тілін жолда үйренеміз» атты жобасы. Мұндай жоба алдағы уақытта әуежай, вокзал, автовокзалда да жалғасын табады дейді орталық мамандары.

Сонымен қатар, «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының бастамасымен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында түрлі шаралар өткізіліп отырады.

ҚАРАҒАНДЫ

• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Айқын мақсат, межелі міндет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ел дамуының таяу кезеңдегі негізгі бағыттарын белгіледі. Қазақстан Республикасы Президентінің айтуынша, елімізде құрылымдық экономикалық өзгерістер күтілуде. Бұл ретте өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында қайта өңдеу секторын дамытуға басты назар аударылатын болады. Инвесторларға белсенді мемлекеттік қолдау көрсетілетіні.



Президент пайымынша, металдарды терең өңдеу, мұнай, газ және көмір химиясы, машина жасау, уранды конверсиялау әрі байыту, автокомпоненттер мен тұнбайтқыштар өндіру сияқты бағыттарға назар аударған жөн.

Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру салаларында перспективалы жобалар іске асырылуда. Жаңа ауруханалар мен мектептер салынуда. 2020 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы екі есеге өсті. Дәрігерлер жалақысы да едәуір артты. Бүгінгі күні олардың табысы орташа республикалық деңгейден едәуір жоғары. Азаматтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Бұл шара миллионға жуық адамның әл-ауқатына игі әсер етіп, әрқайсысының тұрғын үй мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

– «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске асыру басталды. Оның аясында жаңа жылдан бастап, балалардың шоттарына қаражат түсе бастайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті мемлекеттік органдар қызметінің негізгі қағидаты абстрактілі жетістіктер емес, халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының нақты жақсаруы тиіс екенін атап өтті. Прагматизм, әділеттілік және инклюзивтілік басым болу керек.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаттарын іске асыра отырып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы бойынша қалыптасқан билік тармақтары арасында оңтайлы тепе-теңдік құрылды.

Осыған байланысты, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының жұмысы аса маңызды. Ең алдымен, жергілікті халық үшін өзекті проблемалық мәселелерді шешумен айналыса отырып, қоғамның сауалдарына жедел ден қоюы тиіс. Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, ұзақ мерзімді эфемерлік мақсаттар қою тәжірибесінен алыстап, алдына нақты, қол жеткізуге болатын міндеттер қою қажет.

Жиынға геоэсаяси жағдай кезінде біз елдің одан әрі үдемелі дамуын қамтамасыз ете аламыз. Қалыптасқан табысты экономикалық модельдің әлеуетін ашамыз. Жаңа инвестициялар тартымыз, нәтижесінде – азаматтардың әл-ауқатын жақсартымыз деп сенемін!

Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Құрметті облыс тұрғындары!

Сіздерді Ұлт ұстазы, қазақ тілі білімі мен әдебиетінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – 5 қыркүйекке орайластырылған Қазақстан халқының тілдері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тілдерді білу – бұл мәдениеттердің көптілігін құрметтеу ғана емес, сонымен қатар, ойлау мен ой-өрісті кеңейтудің құралы.

Бүгінде ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретіндегі ролін күшейтіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру туралы тапсырмасын орындау мақсатында облысымызда бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуда. Мемлекеттік тілге деген сұраныстың өсуіне сәйкес, тілдерді оқыту шаралары аймағымызда бір жолға қойылып, бүгінгі таңда облыс көлемінде жыл сайын үш жарым мыңнан аса адам тегін тіл оқыту курстарымен қамтылуда. Аймағымызда қазақ тілінде тәлім-тәрбие, білім беретін балабақшалар мен мектептердің саны жыл сайын артып келеді. Көптеген елді мекендеріміздің тарихи атаулары қайтарылып, ономастикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Облыс халқының тіл мәдениетін көтеруге, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға, ұлыларымызды ұлықтауға бағытталған республикалық, облыстық деңгейдегі байқаулар, семинарлар, ақпараттық-насихаттау шаралары тұрақты түрде өткізілуде.

Сондықтан, өңіріміздегі тіл саясатын жүзеге асыру ісінде айрықша еңбек етіп жүрген азаматтарға зор алғыс білдіреміз.

Мемлекеттік тілдің этносаралық беделі мен белсенділігін арттырудағы ортақ ісімізге сәттілік, отбасыларыңызға амандық тілейміз! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, тіліміз ғұмырлы болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Әкім әдептен неге озды?

Қарағанды қаласы әкімдігінде әдеп кеңесі өтті. Әдеттегідей мемлекеттік қызмет барысында әдеп бұзғандарды талқыға салды. Кейбіреуіне ескерту жасалып, енді біріне қатаң сөгіс жарияланды. Мамандардың ресми дерегіне, осы жылдың алты айында 376 мемлекеттік қызметкер жауапқа тартылған. Бытыр 484-ке жетсе, биыл 22%-ға төмендеген. Ал, 2021 жылы 500-ден асыпты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолғы жиында Бұқар жырау ауданына қарасты Петровка ауылдық округінің әкімі Талғат Елубаевтың әдебі қаралды. Себебі мынада: әкім мен ауыл тұрғындары арасында кикілжің туған. Сөзден сөз шығып, ақырында Талғат Елубаев тұрғындардың біріне қол жұмсаған. Оны өзі мойындап отыр. Оқиға орнына аудан әкімі жеткен. Зарпап шеккен азамат та бейнежазба күйіндегі дәлелдерді көрсеткен. Кеңес өкілдері қатаң сөгіс жариялады құп көрді. Қабылданған шешім құжат жүзінде Бұқар жырау ауданының әкіміне жолданды. Әкім өз кезегінде шешімді жүзеге асыруы тиіс. Айта кетейік, кеңес жиынына ауданның әкімі Абылай Сұлтанғали да қатысып, жағдайға түсініктеме берді.

– Қолымызға тиген бейнежазбаларды қарап шықтық. Жазбада Талғат Елуба-

евтың тұрғындармен дөрекі сөйлескені анық естіледі. Ауыл әкімі өз кінәсін мойындап отыр және «Мұндай жағдай енді қайталанбайды» деп уәде берді, – деді Бұқар жырау ауданының әкімі.

Сөз алған кеңес өкілдері ауылға бас болып отырған жергілікті билік өкілінің бұл әрекеті ақтауға келмейтінін айтты. Бірақ, Талғат Елубаевты әріптестері көп жылдар бойы жауапты қызметтер атқарған тәжірибелі, білікті маман екенін де атап өтті. Кикілжіңге қатысы бар ауыл тұрғыны да сөз алды.

– Әкімімізбен жиі сөзге келеміз. Ол алкогольдік ішімдік ішеді. Ауыл игілігі үшін арақ-шарапты сатудан бас тартқан елді мекендер бар. Ал, біздікі керісінше. Жасалған жұмыстарын көрмейміз. Құрметті кеңес өкілдері, жиналған дәлелдерге қарап, әділетті шешім қабылдауларыңызды сұраймын. Халықпен қарым-қатынас жасай алмайтын адамды әкім етуге болмайды деп есептеймін, – деді зарпап

шеккен ауыл тұрғыны Мұхамедқали Бекенбаев.

Қазақстан Республикасы Президенті



әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, жергілікті билік өкілдері бүгінде БАҚ беттеріне толық мониторинг жасайды. Әсіресе, әлеуметтік желідегі парақшалар майшаммен қаралады. Мақсаты – ха-

лықтың наразылығын тудыратын келеңсіз жағдайлардың алдын алу. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлердің халықпен жұмыс сапасын бақылау.

Қоғамдық резонанс туғызған бірнеше жағдайлар мысалға келтірілді. Жиынның тізгінін алған Мемлекеттік қызмет

істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғар жиынға қатысқан мемлекеттік қызметшілерге өз міндетін тиынақты атқаруға, жауапкершілікті сезінуге кеңес берді.



• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Ардагерлер демалады, ем алады

Кеше қарағандылық ардагерлер Приозерск қаласындағы «Балқаш» шипажайына жолға шықты. Онда ардагерлер демалып, ем алады. Тегін. Мұндай игілікті шараны облыс әкімдігі ұйымдастырып отыр. Бұл – ардагерлердің ұйымы құрылғалы алғаш рет шипажайға жолдама алуы.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолы шипажайдың шарапатын 48 ардагер көреді. Он күн сондағы ем-домдарын қабылдайды. Ой тынықтырып, бой жазып келеді. Облыстық ардагерлер кеңесі ардагерлерді тек Қарағандыдан ғана емес, аудан-ауылдан іріктеп алдырыпты. Әсіресе, әлеуметтік жағдайына қарай таңдапты.

– Әуелі осындай шараға тікелей бастамашы болған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа, атсалысқан облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асановқа, бізбен бір ай тығыз жұмыс жасаған облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспековаға алғыс айта кеткенім жөн болар. Біздің ұйым 1987 жылдың ақпан айында құрылды, биыл 36 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында ардагерлеріміздің шипажайда тегін демалуына алғаш рет жолдама берілді. Мүмкіншілік болса, тағы да жалғасады. Әр аудан, қалада ардагерлер ұйымы бар. Соларға таспырма бергенбіз. «Үлкен кісілерді іріктеп беріңіздер, жағдайына қараңыздар» деп. Содан 48 ардагерді ақ жол тілеп, шығарып салдық, – дейді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төрегожин.

Шипажайға жол тартқандардың арасында Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, тыл



ардагері Қанағат Жұмашұлы да бар. Қанағат ақсақал ардагерлер ұйымының мұндай қамқорлығына риза.

– Бұқар жырау ауданынан екі ардагер келдік. Алла қаласа, он күн демаламыз. Балқаш көлінің жағасындағы Приозерскіге алғаш рет бара жатырмын. Өте қуаныштымыз. Басқа өңірдің ақсақалдарымен танысып, әңгімелесіп, сергіп қайтамыз. Жасыратыны жоқ, арамызда жалғыз қалған егде жастағылар бар. Әсіресе, сол кісілерге үлкен көмек

болды. Тыл ардагерлері жыл сайын азайып барады. Үлкенді құрметтегеннің жолы әрқашан ашық болады. Сол себепті, осындай мүмкіндік тудырған облыс әкімдігіне және Ардагерлер ұйымына айтар алғысымыз көп, – деді жасы 88-дегі қария Қанағат Жұмашұлы.

Бұрынғы Егіндібұлақ ауданында беделді қызметтер атқарған Тоқташ Асқарұлы да шипажайға аса қуанышпен кетті. «Мен қазір Қарағандыда, балалардың қолында тұрамын. «Балқашқа» барып,

демаласыздар» дегенде балаша қуандым. Бір жағынан демаламыз, денсаулығымызды да жақсартып келеміз. Ондағы он күнде ерекше ерік-жігерімізді нығайтып келмекпіз», – деді Тоқташ қария.

Облыста 200 мыңнан астам зейнеткер, 3000-нан аса тыл еңбеккері бар. Олардың да жастары 80-90 жас аралығында. Өкінішке

• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Ұрпақ денсаулығы маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында өзекті мәселелер көтерілді. Соның бірі – кәмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылық жаза-сының қатаңдатылатындығы.

– Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жаза-ны күшейтуді талап етемін. Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе. Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн, – деді Президент.

Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсымыз заңға құрметпен қа-

рап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру, үйлесімді тәрбиені білім беретін оқу орындарында пайдалану, оны жетілдіру қажет. Сондықтан да, қазіргі кезде құқықтық мәдениеті жоғары білімді оқушылар тәрбиелеу, қалыптастыру ісі кезек күттірмей атқарылатын мемлекеттік маңызды шаралардың қатарында тұр.

Саягүл СЫЗДЫҚОВА,
эл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры

БАЛҚАШ

«Толық адам» болуға тиіспіз

Қазір мен 85 жасқа келіп отырған адаммын. Бірақ, Мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа Жолдауын қалт жібермеймін. Осы жолы да еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың VIII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясының бірлескен отырысында Қазақстан халқына кезекті Жолдауын толық тыңдадым. Онда айтылған жаңа экономика-ның үлгісіне көшудің жолдары, өндіріс пен агроөнеркәсіп, көлік логистикасы, инфрақұрылымды, цифрландыруды жаңғырту мен реформалау туралы ойлары мен ұсыныстары көңілімнен шығып, көкейіме қонды. Енді осы жауапкершілігі зор міндеттерді жүзеге асыру үшін, Абай атамыз айтқандай, еліміздің әр азаматы «Толық адам» болуы тиіс. Оны Қасым-Жомарт Кемелұлы тегін еске

салған жоқ. Бұл орайда ол жел-кідеп өсіп келе жатқан жастарымызға үміт артып, сенім білдіре сөйледі. Олар жан-жақты білімді, инновациялар мен озық технологияларды игеріп, меңгерген, бізге жетіспейтін техникалық және жұмыссыз мамандықтарының иелері болғандықтан жас түпкілікті нәтижелерге қол жеткізіп, қоғам ілгерілеп, алға баспақ. Соған байланысты, олардың бәрине бірдей мүмкіндік беріліп отырған жағдайда осы жас буын өкілдері «Әділетті Қазақстан – адал азамат» ұғымын орнықтырып, Жаңа Қазақстанымызды әлемдегі көшбасшы елдердің қатарына қосуға ұмтылып, күш-жігерлерін аямайды деп ойлаймын.

Бансет САЛЫҚОВ,
ардагер-зейнеткер

Абай ауданы

• ӨНДІРІС

«Қазақстан» шахтасы жұмысын тоқтатты

Нақтылай келгенде, көмір өндіру және тау-кен қазбаларын үңгілеу бойынша жұмыстар белгісіз уақытқа кідіреді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл 17 тамызда болған апатқа тікелей байланысты. Қазіргі уақытта шахтаның жұмыс үдерісін жолға қою амалдары жүргізілуде, – деп хабарлады «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағының өкілдері.

Кеншілердің өзге шахталарға ауысуына байланысты туындайтын барлық мәселелер бойынша кәсіпорындардың кәсіподақ комитеттеріне хабарласқан жөн.

– Негізгі өндіріс жұмысын тоқтату нәтижесінде босатылған 600-ге жуық жұмысшы көмір департаментінің басқа шахталарында жұмыспен қамтылды. «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ

компаниясының басшылығымен қоныс аударған қызметкерлерге орындалатын жұмыс көлемі бойынша ақы төленетінін, бірақ еңбекақы сомасы орташа жалақыдан төмен болмайтыны туралы уағдаласты, – деп түсіндіреді кәсіподақ өкілдері.

Еске салалық, 17 тамызда «АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Қазақстан» шахтасында конвейерлік таспа өртенген. Салдарынан 222 шахтер жер бетіне шығарылып, тағы бес кенші жер астында жантәсілім етті. Бұған дейін аталмыш шахтада соңғы тексеру амалдары барысында қанша заң бұзушылық анықталғаны, сондай-ақ зардап шеккен кеншілерге қандай көмек көрсетілетіні белгілі болған.

• КӘСІПКЕРЛІК

Қолдаудан құралақан емес

Нұра ауданында кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Мәселен, биыл «Сарыарқа әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-на кәсіпкерлерден 88 өтініш түскен. Сұратылған қаражат мөлшері – 754,5 млн. теңге.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

88 өтінімнің он бірі ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерінен түскен. Сомасы – 249,2 млн. теңге. 64 жеке кәсіпкер 408,8 млн. теңгеге сұраныс жасаған. Шаруа қожалықтары 13 өтініш жіберген. Сомасы – 96,5 млн. теңге.

Бүгінде өтініштер аясында аудан бойынша бес кооператив 119,8 млн. теңге несие алыпты. Бір жеке кәсіпкерге 8,6 млн. теңге берілген. Шаруалар алған несені мал басын көбейтуге, арнайы техника сатып алуға жұмсамақ. Ал, кәсіпкерлер бастаған ісін одан әрі дамытуды көздейді.

Атап айтсақ, Кергінді ауылындағы «Алғабас Сүт» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі. Мал басын көбейтуге 9,7 млн. теңге алған. Соңалы ауылындағы «Алтын Бас» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі мал басын көбейтуге 27,3 млн. теңге алған. Соңалы ауылындағы жеке кәсіпкер 8,6 млн. теңгеге мал сатып алған. Шұбаркөл кентіндегі «Жақсы-көн» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі – 27,6 млн. теңге, Шұбаркөл кентіндегі «Сүтті бұлақ» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі – 23,6 млн. теңге, Нұра кентіндегі жеке кәсіпкер 8,6 млн.теңге алған.

Ауыл шаруашылығына арналған техника сатып алғандар қатарында бірқатар шаруашылықтар бар. Жанбөбек ауылы «Adal-2023»

дағы «Алғабас Сүт» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі. Мал басын көбейтуге 9,7 млн. теңге алған. Соңалы ауылындағы «Алтын Бас» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі мал басын көбейтуге 27,3 млн. теңге алған. Соңалы ауылындағы жеке кәсіпкер 8,6 млн. теңгеге мал сатып алған. Шұбаркөл кентіндегі «Жақсы-көн» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі – 27,6 млн. теңге, Шұбаркөл кентіндегі «Сүтті бұлақ» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі – 23,6 млн. теңге, Нұра кентіндегі жеке кәсіпкер 8,6 млн.теңге алған.

Ауыл шаруашылығына арналған техника сатып алғандар қатарында бірқатар шаруашылықтар бар. Жанбөбек ауылы «Adal-2023»

дірістік кооперативі 27,6 млн. теңгеге техника алып отыр. Жараспай ауылындағы «Жантөре» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі



ауылшаруашылық өндірістік кооперативі 27,6 млн. теңгеге «Беларус-892,2» маркалы екі трактор және шөп шабу құрылғысын сатып алды. Жараспай ауылынан «Жер ырысы-2023» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі 27,6 млн. теңгеге, дәл сол елді мекендегі «Жантөре» ауылшаруашылық өн-

және «Жер ырысы» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі 2023-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытуға 2,5%-бен несиелендірілді. Су жаңа екі «Lovol TD-854» тракторына қол жеткізіп, жұмыстарына кірісті.

Нұра ауданы

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Фермерлер бұршақтан зардап шекті

Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы Өсімдік шаруашылығын дамыту және техникалық жарактандыру бөлімінің басшысы Болат Омарбаев өңірде егін жинау науқаны қалай жүріп жатқаны туралы баяндады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болат Мұратұлы биыл ауа райы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ауыр тиіп отырғанын хабарлады.

– Қуаңшылықтан кейінгі бұршақ аралас жауын егістік алқаптарына айтарлықтай кесірін тигізді. Мысалы, Нұра ауданы әкімдігінің мәліметінше, аймақтың 20-ға тарта ауыл шаруашылығы тауар өндірушісіне қарасты 21,7 мың гектар дөңді дақылдар алқабын бұршақ «жапырып», жиын-терім амалдарын есептен шығаруға мәжбүр болған. Күн райының мұншалық тосын құбылысына қарамастан, біз белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуді көздеудеміз, – деді спикер.

Дөңді дақылдарды жинау алаңы 993,2

мың гектарды құрайды. Бұл өткен жыл деңгейінен 73,3 мың гектарға артық, оның ішінде бидай – 813 мың гектар. Ендігіде 29,6 мың гектар алқапта майлы дақылдарды, 16,1 мың гектар картоп және 2,4 мың гектар алқаптағы көкөністі жинау міндеті тұр.

– Жем балансы бойынша орташа өнімділігі гектарына 8,3 центнер болған кезде астықтың жалпы жиын-терімі 824,3 мың тонна көлемінде күтілмек. Бұл астық көлемі ауыл шаруашылығы құрылымдарын тұқыммен толығымен қамтамасыз етуге жарап тұр. Картоптың жалпы орташа өнімділігі гектарына 260 центнер шамамен 418,6 мың тоннаны құрайды, – деп түсіндірді құзырлы мекеменің бөлім басшысы.

Тамыз айының соңындағы жағдай бойынша 109 мың тонна астық бастырылған.



692 гектар алқаптан 17,9 мың тонна картоп, 150 гектар алқаптан 4,2 мың тонна көкөніс жиналды. Егістік науқанына 2 095 астық жинайтын, 76 бірлік картоп жинайтын және

90 бірлік картоп қазатын комбайн жұмылдырылған. Сондай-ақ, 3000-нан астам техника астықты комбайндардан шығаруға қатысады.

Болжамды деректер барлық комбайндардың тәуліктік өнімділігі 43 мың гектар болғанда, егін жинау науқанын 24 күнде аяқтауға болатынын растайды. Жалпы, ауа райы қолайлы болса, астық жинау жұмысын 30 қыркүйекке дейін аяқтау межеленді. Дизель отынын жеткізу кестеге сәйкес іске асуда.

– Өсімдік шаруашылығын мемлекеттік қолдау аясында үш миллиард теңге субсидия бөлінді. Оның ішінде тұқым шаруашылығын дамытуға субсидиялауға – 547,1 млн. теңге, пестицидтердің құнын субсидиялауға – 2058,1 млн. теңге, минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға – 897,5 млн. теңге, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді сумен жабдықтау қызметтерінің құнын субсидиялауға – 135,1 млн. теңге жұмсалды, – деді Болат Омарбаев.

Өңірде астықтың қажетті мөлшерін сақтауға арналған қойма жеткілікті.

Еске салып өтсек, өткен жұмада жауған бұршақ аралас толассыз жауын сәтін жергілікті тұрғындар бейнетаспаға түсіріп алып, әлеуметтік желіге жүктеген. Мұның мал, бау-бақша өсіретін фермерлер мен саяжай иелеріне ауыр соғатынын айтып, жарияланым бағананы көп пікір жазылған еді.



• ТАҒЫМ

Қайраткерге бюст қойылды

Нұра ауданы орталығындағы Нұра көпсалалы колледждің ауласына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері және кәсіптік-техникалық білім беру ісінің Құрметті қызметкері, белгілі профессор Болат Әбдікәрімұлының бюсті қойылды. Ғалымға құрмет көрсетілген шараға Халық қаһарманы Токтар Әубәкіров бастаған ел азаматтары арнайы қатысып, тұрға жайлы есті естеліктерімен бөлісті. Соңына ілім мен ғылымның жаңалығын қалдыра алған ғалымның атын ұмытпай, ұлықтап жатқан шараның мән-маңызын да атап өтті.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр аталған колледжде ғалым Болат Әбдікәрімұлының есімі берілген болатын. Бүгінгі шарапатты шара, көрсетіліп жатқан ерен құрмет сол істің жалғасы. Нұра өңірінен өсіп-өніп, қазақ ғылымы мен білімі тарихында алтын әріппен қалған ғалымның жерлестері айрықша құрметтейді.

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов ардақты азаматқа көрсетіліп жатқан құрметке бек ризашылығын айтып, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтауын жеткізді.

Мүсінді қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров, мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының докторы Елеусін Сағындықов, Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Сағадат Дүйсебеков және ғалымның ұлы Аян Болатұлы салтанатты түрде ашып берді.

«Ардақты азаматтың игі істері мен ерен еңбегін жастарға үлгі

ету мақсатында колледжде Болат Әбдікәрімұлының есімі берілуі – тарихта қалатын маңызды оқиға. Онымен қоса, білім ордасының алдына бюст қою – зор құрмет. Себебі, Нұра өңірінде туып-өскен, оқып, білім алған, бар ғұмырын Қазақстанның білім мен ғылым саласына арнаған Болат Әбдікәрімұлының есімімен ел мақтанады», – деді Токтар Әубәкіров.

Ал, замандас досы Елеусін Сағындықов ғалыммен алғаш таныстығынан бастап, оның қайраткерлігіне тоқтала кетті.

– «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегенге тағы да көзіміз жетіп отыр. Болат Әбдікәрімұлы сияқты ғасыр аралатып туатын тұлғаны бүгінгі және одан кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңіру – парыз. Ең бір елеулі істерінің бірі – кәсіптік-техникалық мектептерді сақтап қалуы. Солай етіп қана қоймай, кәсіптік-техникалық лицейлер, гимназиялар, авторлық мектептер, қазақ-түрік лицейлерін ашуға қол жеткізді. Б.Әбдікәрімұлы – бұл салада қарапайым ғана қызмет етіп қоймай, кәсіптік білім беру-



ді ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеп, белгілі бір тұжырым жасаған ғалым. Бөкеннің еңбектегі жетістіктерінің құпиясы – ғылыми-теориялық негіздеме. Өткен ғасыр данышпандарының бірі: «Адамның даңқын еңбек шыға-

рады» дегендей, Бөкен еңбегімен даңқа бөленді, сонымен бірге, ол еңбекті көтеретін де адам екенін өзінің іс-тәжірибесімен дәлелдеді, – деді Елеусін Сағындықов.

Сонымен қатар, Мәжіліс депутаты Құдайберген Бексұлтанов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Серік Оспанов та құрметті қонақтардың қатарынан табылып, ақжарма лебідерін жеткізді.

Ғалымның ұлы өз кезегінде меймандарға алғысын білдірді. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық емес пе? Әкемің көзін көрген, сыйласқан, сіздерге көп рақмет. Арнайы келіп, әкеміз жайлы жылы естеліктерімен бөлістіңіздер. Осы бастамамызды бірден қолдаған аудан басшылығына да айрықша алғыс айтқымыз келеді», – деді ғалымның ұлы.

Салтанатты шара соңында қонақтар ұстаз-ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Одан соң, колледждің тыныс-тіршілігімен танысты.

Еске сала кетсек, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы №890 қаулысына сәйкес, «Нұра көпсалалы колледжі» енді «Болат Әбдікәрімұлы атындағы Нұра көпсалалы колледжі» болып аталады.

Нұра ауданы

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Тілбұзарлық қашанғы жалғасады?

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов «Авгейдің ат қорасынан бастайық» деген мақаласында тіл мәдениетіне қатысты дабыл қаққан еді. Арада жарты ғасырдай уақыт өтсе де, көтерілген мәселе әлі өзектілігін жойған жоқ. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясы артып келе жатыр десек те, «өттеген-ай» дейтін сәттер аз емес.

Бүгінде ауызекі тілде де, жазба тілде де тілдік нормаға қайшы келетін қолданыстар көбейіп кетті. Қазақы сөйлеу дағдысына, қазақы сөзсаптамаға сәйкес келмейтін жаттанды тіркестер, тілдік оралымдар мен сөйлемдерді үнемі естіп, түрлі құжаттардан көзіміз шалып қалады.

Тілдік норманың сақталмауының себебі сан алуан. «Өйте-үйір қазақша сөйлесем я болмаса, жазсам болды емес пе?» дейтіндердің қаперінде жүрсін деген мақсатта оны көрсете кеткенді жөн көрдік. Мәселен, сөздік қордың жетіспеуі (кітап оқымау); штамп, жаттанды сөздерді қолдану; қыстырма сөздерді орынсыз қолдану; әдеби тілге жатпайтын сөздерді себепсіз қолдану; құрмалас сөйлемдерді тым шұбалаңқы құру; тілді аударма тілге, онда да калькаға айналдыру; тілдегі көріктеу құралдарын дұрыс пайдаланбау, т.б.

Осы аталғандардың қай-қайсы болмасын тіл мәдениетіне кері әсерін тигізетін факторлар. Ал, Мүсіреповшы айтқанда, тілдің бояуы бозарып, қыры сынбауы керек. Тілге салақтық, немқұрайдылық жүрмейді.

Тілдік норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуында да, грамматикалық норманы пайдаланып, сөйлем құрауда, тілдің өн бойында болуға тиіс. Қайсыбірі назардан тыс қалса, норма бұзылды дей беріңіз. Оған мысал жетіп артылады. Жіі жіберілетін қате қолданыстарға шолу жасап көрелік. Қазақша жап-жақсы сөйлейді дегендердің өзі қажеттілік мағынасын беретін «керек» сөзін айту керектігі, білу керектігін деген түрде жіктік жалғауын қосып қолданатын болып жүр. Жалпы, керек сөзі сөйлемді аяқтағанда айтуымыз керек, білуіміз керек түрінде ешқандай жалғаусыз қолданылатынын естен шығармаған жөн. Сондай-ақ, ресми құжаттарда, ауызша ақпарат бергенде ағымдағы жылы, үстіміздегі жылы тіркестерінің қолданылуы жиілігі артқаны сонша, оның дұрыс-бұрысын бағамдай алмай қалдық. Десе де, бұл – қате. Оның қазақ тіліндегі осы жылы, осы жылғы, биыл деген дұрыс нұсқасы қолданыстан



шығып қалған тәрізді.

Ал, туылды сөзінің қате қолданылып жүргені белгілі ғалымдар, қаламгерлер, тіл жанашырлары тарапынан бірнеше мәрте дәлелденсе де, әлі дау туғызатындар да, «туды» деген нұсқасына мұрын шүйіріп қарайтындар да аз емес. Жазушы Мұхтар Мағаулин «Туылған мен өлінген» атты мақаласына былай деген екен: «Туылған!.. Қазақ тілінің табиғатына жат, түйеден түскен емес, жер астынан жарып шыққандай, сұмбайы, сөлекет сөз». Оның сөлекет қолданыс екенін жан-жақты дәлелдей келіп, Абайға (Туғанда дүние есігін ашады өлең), Шәкәрімге (Анадан алғаш туғанда – Жылауды неге дауыстап...) жүгінеді. Екі ақынның да «туылды» деп емес, туған түрінде дұрыс қолданғанын тілге тиек етеді.

Қазіргі кезде әлдебір оқиғаның бояуын қалыңдатқысы келген жазарман не сөйлеуші «желіні жарды» деген тіркесті сөнге айналдырған. Аталған тіркес әдеби тіл нормасымен мүлдем қабыспайды, сондықтан желіні дүрліктерді деп нормаға сай қолданған жөн. Мағына жағынан

алғанда айтушы «желіні жарды» деу арқылы жұртты дүрліктерген оқиға туралы айтқысы келгені көрініп тұрады. Олай болса, дұрыс нұсқасы бар екенін естен шығармайық.

луға болмайды. Алысқа ұзамай-ақ «домбырада ойнайды», «гитарада ойнайды» қолданыстарын алайық. Екеуі де орыс тілінен тікелей аударылған калькалар. Музыкалық аспапта ойнамайды, тартады.

БАҚ өкілдері мал ұрлығы туралы айтқан кезде «барымталап кетті» дейді. Барымтаның астарында әлеуметтік теңсіздік жатқанын, барымталау үшін нақты бір себеп керек екенін, нағыз барымтаның күшін асыру үшін қана малды айдап өкететінін тарихи шығармалардан, көркем әдебиеттен мольнан кездестіруге болады. Жылқыны айдап кеткендер барымташылар емес, кәдімгі ұрылар болғандықтан, мал ұрлады, жылқы ұрлады деп сөйлеу әдебіне сай дұрыс қолданылса дейміз.

Тағы бір мән беретін мәселе, сөйлеу тілінде немесе жазылымда бұрыс қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестері өте көп. Олардың басым көпшілігін орыс тілінен тікелей аударылған калькалар құрайды. Калька – тіл мәдениетіне көлеңкесін түсіретін жағымсыз құбылыстың бірі. Соңғы кезде ресми қолданыстағы қазақ тілі кальканың тіліне айналып бара жатқаны – ащы шындық.

Тілдердің грамматикалық, стилистикалық ерекшелігі бар екенін ескеріп келгенде белгілі бір мағынаны не ұғымның атауын беру үшін калькаға байланып қа-

зақ тілінде жеткізуге тырысқан.

«Тіл адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырады, табыстырады. Ал, мемлекеттік тіліміз – ең басты байлығымыз, оны әрбір қазақстандық азамат міндетті түрде білуі қажет», – деп есептейді ол. Астана қаласында Жамбыл

Жұпар ЖАҚАН,
Қарағанды облысының
тілдерді дамыту
жөніндегі басқармасы
жанындағы
Ресурстық тіл орталығының
бөлім меңгерушісі

Құттықтаймыз!

2023 жылдың 5 қыркүйегінде Қарқаралының тумасы Қарағанды қаласының тұрғыны, асыл әке, ардақты атамыз **Бейбіт Әбікенұлы ҚАМЗИН** 75 жасқа толады.

Бұл күн біз үшін ортақ мейрам, тамаша күн!

Әкеміз өз өмірінің сәулетшісі болып, құдіретті табиғи, адами қасиеттерін мол дарытқан ғибратты абзал жан.

Құрметті Әке! Біз Сізді жан жүрегімізбен құттықтап мерейтой күні Сізге тағдырыңызда таршылық көрмей, тәтті ғұмыр кешіп, отбасымыздың ұйытқысы, бақ-берекесі болып, ауырмай-сырмамай ортамызда жадырап жүре беруіңізді тілейміз!

Құтты болсын 75 жасқа толғаныңыз!
Орындалсын бәрінен де ойға алған арманыңыз.
Жан-жағыңыз, аталап немере-жендеріңіз,
Балалардың думанды қызығына тоймаңыз!

Мерейтойда нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз!
Достар мен жолдастар жаныңызда,
Аман-есен ұзақ өмір сүріңіз!

Ізгі тілекпен: **балалары, немере-жендері**

№508



Құттықтаймыз!

Құрметті
Ақтолқын Сағынтайқызы КЕЛЬМАҒАНБЕТОВА!

Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келесіз. Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын деген ниетпен жыр жолдарын арнаймыз.

Елу деген толы той мен думанға,
Тау секілді көрінеді тұлған да.
Қушақ-қушақ гүлін алып келіпті,
Ақ көңілмен бауыр, туыс-туған да.

Елу деген – ес тоқтату, есею,
Елу деген – елдің жүгін көтеру.
Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді,
Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

Ігі тілекпен: **Еркіндік ЖББ мектебінің ұжымы**

№512



• ҚҰРМЕТ

Болсашы елдің бәрі Владиславтай...

Қазақстанда бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан түрлі ұлттар мен ұлыстардың ынтымақ-бірлігі көпке үлгі. Елімізде соңғы уақыттарда қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері көбейгенін көз көріп жүр. Мемлекеттік тілді білу – баршаның міндеті дегенімізбен, өзге ұлт өкілдерінің қазақша сөйлеуі – қазақтың елі мен жеріне деген құрметі. Бүгін қазақ тілін бір кісідей меңгерген кейіпкер Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік қолбасшылығының Қоғаммен байланыс жөніндегі аға офицері, кіші сержант Владислав Горизанов туралы айтпақпыз.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Өзге ұлт өкілі болсам да, қазақ елінде, қазақ жерінде туып-өскен соң қазақ тілді меңгеруді жөн көрдім. Әрине, тіл үйрену оңайға соққан жоқ. Дегенмен, қажеттілік пен ниет болса, алынбайтын асу жоқ. Қазақ балаларымен бір аулада ойнап, тіл табысу үшін тіл білудің қажет екенін сездім. Сөйтіп, қазақ тілін үйренуге тура келді», – дейді Владислав.

Тіл білудің артықшылықтары орасан. Қазақ тілін меңгеріп қана қоймай, халықтың ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен жақынырақ танысқанын айтты ол. Күнделікті өмірі мен қызметінде қазақ тілін білудің көп көмегі тиіп жүргенін жасырмады.

Владислав Горизанов алғашқыда тіл үйренуде қиындықтар кездескенін айтты. Күнделікті өмірде дүкенге барып, өнімдердің атауларын сұрау, қазақ балаларымен тіл табысуда, ауызекі сөйлеу мәнерінде сөздік қордың жоқтығы, екпіннің болуы оған қатты әсер еткен. Уақыт өте келе, сөздік қорды нығайту үшін көбірек кітап оқуға, ойын тек қазақ тілінде жеткізуге тырысқан.

«Тіл адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырады, табыстырады. Ал, мемлекеттік тіліміз – ең басты байлығымыз, оны әрбір қазақстандық азамат міндетті түрде білуі қажет», – деп есептейді ол.

Астана қаласында Жамбыл

Жабаев атындағы мектепте қазақ сыныбында оқыған. Бала кезінен қазақша кітап оқуға әуес болған оны мұғалімдер мектеп кезінде үлкен сахнаға шығарып, қазақ ақындарының өлең шумақтарын, проза, поэзияларын жаттатып, мәнерлеп оқудан сайыстарға қатыстырған. Оның нәтижесі де жаман болмағанын айтқанды Владислав.

«Алғаш рет Сәкен Сейфуллиннің өлеңдер жинағын оқыдым. Кейін Абай атамның шығармашылығымен, өмір жолымен танысып, «Абай жолын» оқуға ансарым ауды. Жастық шағымнан кітап оқу – басты хоббиімнің бірі болатын. Бала кезден патриоттық тәрбиені бойыма сіңіргеннен болса керек, қазақ тіліне, халқыма деген сүйіспеншілігім артты», – дейді ол.

Владислав Горизанов қазақтың ұлттық аспабы домбыраны тартатынын да тілге тиек етті. 2021 жылы Қарағанды қаласына қызметпен келген. «Тіл үйренгеннің пайдасы мол. Барған жеріме, жүрген ортама қазақша сөйлейтініме көпшілігі риза болып, сыйлайды. Мен тілге қалай құрметпен қарасам, елдің маған деген ықыласы да, құрметі де бөлек», – дейді жас жігіт.

Владислав Владимирович тіл меңгерген өзге ұлт өкілдеріне арналған түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға не болып жүр.

ҚАРАҒАНДЫ



• ЖАҢА КІТАП

«Өлеңге орап уата алам ба?..»

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ерқанат Кеңесбекұлының жаңа жыр кітабы жарық көрді. Атауы – «Сағыныш басқан». 10 баспа табактан тұратын кітап мемлекеттік тапсырыспен шығарылған. Таралымы – 3000 дана. Ерқанат Кеңесбекұлының бұл екінші кітабы. Тұңғыш жыр жинағы 2015 жылы «Алиф» деген атаумен шықты.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Сағыныш басқан

• Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

«Сағыныш басқан» кітабы Қазақстанның Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтің авторға жазған хатымен басталған. Хатта ұлттың қабырғалы қаламгері Ерқанат Кеңесбекұлының шығармаларының талант иесі екенін айғақтайтыны айтылған. Әсіресе, «Түн көлеңкесінің ұйыған кезі» деген туындысына ерекше тоқталған. Осыдан-ақ Ерқанаттың қаламының қуатын аңғаруға болмайды.

«Сағыныш басқан» – сегіз желіден тұрады. Әр желіге тақырыптан, идеялас туындылар топтастырылған. Атауы айтып тұрғандай, кітаптың безендірілуі де, ішіне топтастырылған өлеңдердің де болмысы бөлек. Алайда, табиғи бояуы қанық жырлар сізге бірден құшағын аша қоймайды. Ол үшін аз да болса, ақынның болмысынан, киелі поэзиядан хабардар болуыңыз ләзім.

«Сағыныш басқан», «Алхоры қыз», «Шідер», «Ақыржалған», «Мистика», «Түйсіну», «Кәрі көктем» сынды сыршыл ақынның ел жатқа оқитын жырларын да кітаптан кездестіресіз.

Жалпы, жаңа жинақтың он бойынан қаламға деген адалдық, өлеңге, өмірге деген іңкәрлік және соны ізденіс анық аңғарылады. Бұдан бөлек, Ерқанаттың аударма саласында да жемісті еңбек етіп келе жатқанын айтқымыз келеді.

«Дүрлігістерден, сүрлігістерден, Байқасам тірлік сабыры қашқан. Өлеңге орап уата алам ба, Қара жерді мен Сағыныш басқан?..» деп толғанады ақын жүрек. Иә, шайырдың өзіне көңілі толмауы құптарлық дүние. Десек те, Ерқанаттың қалам сілтеуінен оның ауқымды тақырыптарға құлаш сермеуге қанатын қомдап отырғанын сезгендей болды. Дауыл алдындағы тыныштық...

• ФОТОКӨРМЕ



• БРИФИНГ

Мәдениет – ұлт мәйегі

Аймақта бұқараға жалпы ұзын саны 571 мәдениет ошағы қызмет көрсетсе, төрт театр мыңдаған көрерменге сан алуан қойылым ұсынып келеді. Оның ішінде, екі драма, бір балалар және бір музыкалық театр бар. Ал, өткен жартыжылдықта облыс театрлары 658 спектакль қойған. Оны тамашалауға келген көрермендер саны 13 756 адам екен. Оған қоса, осы уақыт ішінде 12 жана қойылым қойылыпты. Бұл туралы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов мәлімдеді.



• Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осы жылдың 1 маусымында – Балаларды қорғау күніне орай С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры қуыршақ спектаклін қойды. 2023 жылдың 1 маусымында К.Станиславский атындағы театр балалар мен жасөспірімдер драматургиясы алғашқы халықаралық «Көріні» байқауының қорытындысын шығарды. Барлық 50 қатысушы ішінен үш жеңімпаз анықталды.

– Маусым айында Академиялық музыкалық комедия театрында «Құжандия» қуыршақ театрларының V ашық фестивалі өтті. Фестивальге Чехия, Армения, Ресей, Қырғызстан, Қазақстанның қуыршақ театрлары қатысты. Шымкент, Қостанай, Қарағанды, Бішкек, Санкт-Петербург, Ереван, Прага қалаларынан жеті театр атынан тоғыз спектакль ұсынылды.

Ал, мамыр айында «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының хоры және солистерінің қатысуымен Е.Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестрдің, Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары академиялық оркестрінің және джаз оркестрінің концерттік маусымдарының жабылуын да атап өттік, – деді Еркебұлан Қайроллаұлы.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, Қазақстанның мәдени саясатын іске асыру мақсатында облысымызда 246 мәдени-сауық мекемесі белсенді жұмыс істеуде. Мәдени-сауық кәсіпорындарында 1511 клубтық құрылым бар.

2021 жылдың мамыр айынан бастап, республикада төрт жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді мемлекеттік шығармашылық тапсырыс жолымен үйірмелермен қамту жобасы іске асырылған. Бүгінгі таңда мемлекеттік шығармашылық тапсырыс арқылы 23 бағыт бойынша 4 363 баланы қамтитын 146 үйірме жұмыс істейді.

Сондай-ақ, мәдениет мәйегіне айналған кітапхана жұмысы да ойдағыдай. Қарағанды облысының мемлекеттік кітапханалар желісінде 257 кітапхана бар. Оның ішіне 196 ауылдық кітапхана да кіреді. Қазір облысымыздың орталығында төрт облыстық кітапхана жұмыс істейді.

Ал, музей жұмысына келер болсақ, Қарағанды облысында 13 музей мен 4 музей филиалы бар. Биыл облыс музейлеріндегі экспонаттардың жалпы саны 303 022 бірлігін құраған. Негізгі қор – 229 282 дана.

Бүгінгі күні музейлерде балаларға арналған 21 үйірме жұмыс істейді. Олар – өлкетану, археологиялық, колөнер, шығармашылық шеберханалар, қолданбалы колөнер, этнографиялық, тарихи болып көп салаға бөлінеді.

• СПАРТАКИАДА

Дүбірлі додада төрт аймақ

Геннадий Головкин атындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінде мемлекеттік корпорациялар қызметкерлері арасында спартакиада өтті. Республикамыздың төрт облысынан жиналған жұмысшылар арасындағы тартыс спорттың бес түрінен ұйымдастырылды.

Сайыстың бас жүлдесін Абай облысының қатысушылары жеңіп алды. Олар енді Алматыда өтетін ақтық сында бақ сынады.

• Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Жарыс деңгейі өте жоғары. Биыл дайындық жақсы, бар күш-жігерімізді салдық, – дейді Павлодар облысының команда капитаны Максим Череп.

Дүбірлі дода – шағын футбол, волейбол, шахмат, үстел теннисі, арқанға шығу секілді спорт түрлерінен өтті. Оған Павлодар, Абай, Ұлытау, Қарағанды облысынан барлығы 70 қатысушы атсалысты.



• ШАҒЫН ФУТБОЛ

«Арлан» алға озды

Қарағандылық «Арлан» командасы «Seni Cup-2023» психоневрологиялық интернат-үйлері тәрбиеленушілері арасында өткен шағын футболдан халықаралық турнирде күміс жүлделер атанды. №2 Қарағанды арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы шәкірттері жеті матч өткізіп, польшалықтарға ғана жол берді.

Шағын футбол чемпионаты Торуниде (Польша) өтті. Қазақстандық спортшылардан басқа Германия, Чехия, Польша, Словакия, Латвия, Литва және Эстония сынды елдерден 36 команда өнер көрсетті.

«Seni Cup-2022» турнирінде сәтті өнер көрсеткен «Арлан» командасы халықаралық жарыстарға қатысу үшін іріктеуден өткен. Қазір қарағандылық команда – Қазақстандағы ең мықты командалардың бірі. Әлемдік аренадағы үздіктер қатарына кіреді.

• МАРАФОН-БӘЙГЕ

Бәйгеге сақадай сай

5-19 қыркүйек аралығында Астана-Түркістан бағыты бойынша өтетін «Ұлы Дала жорығы» республикалық марафон-бәйге Астана қаласынан бастау алып, Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда облыстары арқылы өтіп, Түркістан қаласында аяқталады. Жалпы ұзақтығы – 1300 шақырым.

Аттылы спортшылар бір күнде 100 шақырым жүріп отыруы керек. Жарысқа 20 команда, 100 спортшы қатысады. Аймақ намысын Қарқаралы ауданы Бесоба ауылының тумалары Нұрлан Оханов, Аскар Оханов, Мақсат Сәдуақасов, Берікбол Шаймен, Азамат Досжанов қорғайды.

Облыстың денешынықтыру және спорт басқармасы басшысы Темірхан Абылаев спортшыларды қабылдап, жеңіс тіледі. Облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин ақ батасын берді.



• АРМРЕСТЛИНГ

Білектілер жүлделі

Алматы қаласында армрестлинг спорттыңан әлем чемпионаты өтті. Биылғы чемпионатқа әлемнің 49 елінің білеті берік, белі бекем спортшылары қатысып, бақ сынасты.

Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық спортшылар да жүлдеден құралақан емес. Ептілігі мен күштілігінің арқасында жоғары дәрежеде өнер көрсетті.

Атап айтсақ, 55 келі салмақта Әли Ермаков оң қолдан алтын, сол қолдан күміс еншіледі. Ал, 100 келіде Антон Чуб оң қолдан күміс, Қанат Абдуқапов 70 келі санатында сол қолмен қола, Қайрат Тебаев сол қолмен қола жеңіп алды.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Объективте – шаһар

«Қарағанды облысының кәсіпкерлер қауымдастығы» Қоғамдық бірлестігі Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімінің әлеуметтік тапсырысы бойынша «Менің қалам» жобасын іске асыруда. Ігі шара аясында «Қарағанды өмірінің бір күні» тақырыбында фотокөрме ашылған болатын.

• Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ерекше мәдени іс-шараның мақсаты – қала жастары арасында фотоға түсіру өнерін насихаттау. Жастардың тұрып жатқан қаласына деген мақтанышын, патриоттық сезімін ояту, қала тұрғындарын суретке түсіру өнеріне баулу болып табылады. Биылғы фотокөрме «Достық» тақырыбына арналды.

Ал, шараның ережесіне келер болсақ, фотографтардың таңдауы бойынша, олардың барлығы арнайы бір күнді белгілеп, балаларды, тұрғындарды және қаланы кез келген жағынан суретке түсіруі керек болатын. Бір күнге сыйған шараға барлығы 16 фотограф қатысып, 700-ден астам сурет түсті. Ал, «Қарағанды» фотоклубының мүшелері мен ұйымдастырушылары оның арасынан 106 фотосуретті іріктеп алды. Олардың көбі – велосипедшілер мен саябақта демалған жандардың бейнесі.

Аталған жұмыстарды іріктеумен «Қарағанды» фотоклубының басшылары Юрий Варыгин, Тимур және Светлана Кудериновтар айналысауда.

Қала көркін айқындайтын ерекше көрме 10 қыркүйекке дейін жалғасады.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмеске
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 396

№ 98 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ